

«Сейфуллин оқулары – 12: Ғылым жолындағы жастар-болашақтың инновациялық әлеуеті» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения-12: Молодежь в науке - инновационный потенциал будущего" . – 2016. – Т.1, ч.3 – Б.42-43

## **АГРОҚҰРЫЛЫМДАР ТЕРРИТОРИЯСЫН РЕТТЕСТІРУ КЕЗІНДЕ ГАЗ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ ҚАЖЕТТІЛІГІ**

*Қазыбаева Н.*

Қазіргі кезде ГАЗ технологиясын қолданбау, онсыз экономиканы тұрғызу және ауылшаруашылығын заманауи талаптарға сай ойдағыдай жүргізу мүмкін емес. Әлемдік үрдістерге қарасақ, әр минут сайын өте үлкен кеңістіктік мәліметтер базасын басқару қажеттілігі туындап отыр, ал ол үшін ГАЗ технологиясы қажет.

Кешегі күнге дейін бұл міндетті шешу өте қиын болды, өйткені мәліметтер базасы өте аз болып, жер туралы кеңістіктік мәліметтерді алу мүмкіндігі шектеулі ғана болатын. Бірақ соңғы бірнеше жылда бұл жағдай жаңа технологиялардың пайда болуына байланысты біршама өзгерді, ал ГАЗ жоғары сатыға көтерілуде. Бұл ГАЗ-ді қоғамның жаңа салаларына енгізуге мүмкіндік береді.

Жер ресформасынан кейін әдеттегі жер пайдаланушылықтар жүйесі түбегейлі өзгерістерге ұшырағаны белгілі. Жерді қайта үлестіру іс жүзінде барлық ауылшаруашылық кәсіпорындарды қамтып, нәтижесінде олардың саны, ауданы, жалпы ауылшаруашылық алаптар құрамы және меншік формалары өзгеріске ұшырады.

Осыған байланысты жерге орналастырудың алдына қойылған мақсаттар мен міндеттер зерттеу жұмыстарын жүргізуді қажетсінуде.

Аграрлық реформаға байланысты бұрынғы мемлекеттік шаруашылықтар мемлекеттік емес заңды тұлғаларға, әртүрлі шаруашылықтың серіктілерге, кооперативтерге ауысқан.

Жаңа агроқұрылымдардың жер пайдалануын ұйымдастыру үшін орналасқан жерімен, топырағымен, жер бедерімен, табиғи өсімдіктерімен, көлемімен және компакттілігімен, гидрогеологиялық және басқа жағдайларымен ауылшаруашылық дақылдарын, көп жылдық жеміс-жидек өсімдіктерін және өндірістердің мал өсіруге жарамды, продуктивті жер массивтері белгілі болады. Бұл жерлер ауыл шаруашылық технологияларын, механизмдерін пайдалануға және басқаруға ыңғайлы болуы керек. Жер пайдалануды ұйымдастыру шаруашылық орталықтарын және жолдарды орналастырумен тығыз байланысты.

Жолдар, ауылшаруашылық өнімдерін және керекті техниканы, материалдарды, өндіріс құралдарын тасуға ыңғайлы болуы керек.

Орналасқан аймағына, шаруашылықтың мамандығына, оның жер

пайдалануының құрам бөлігі сәйкес болуы керек. Мысалы қой шаруашылығының жерінің құрамында шабындық пен жайылым көп, ал егістік шаруашығында жер көп болуға тиісті.

Жаңа жер пайдаланулар қайтадан құрылған шаруашылықтардың орнында пайда болған, сондықтан жерге орналастыру жұмыстары көп пайдаланушылардың қызығушылығына тиеді. Осыған байланысты олардың әр қайсысының территориясына ұйымдастыру бөлек шешілуге тиісті. Әлемдік дамудың ең маңызды мәселелерін шешуге мүмкіндік туғызатын экономикалық қатынастың басты құралы ол цивилизацияланған жер қатынастары мен жылжымайтын мүліктікті басқару жүйесін қалыптастыру. Бұл проблеманы жүзеге асырудың негізі болып мемлекеттік жер кадастры мен оның автоматтандырылған ақпараттық жүйесін жасау және жүргізу саналады.

Қазіргі таңда аталған мәселе жер ресурстарын басқару саласында ерекше өзектілікке ие болып отыр. Себебі жер ресурстары, бір жағынан ауылшаруашылығы өндірісінің ортасы, ал екінші жағынан жылжымайтын мүлікке салынатын салық базасы, инвестиция салу объектісі, әлеуметтік экономикалық дамудың құралы, тіршіліктің нәрі, ұлттық байлықтың негізгі көзі.

Елімізде жер ресурстарын басқаруды өзгертудің ерекше маңыздылығына қарамастан осы кезде жер реформасының даму үдерісі өте баяу, жүйесіз және нарықтық қатынастың нәтижесінде орын алған экономикалық өзгерістердің жалпы қарқынына сай емес.

Заманауи компьютерлік технологиялардың пайда болуы мен қолданылуы экономика және әлеуметтік салаларға көптеген жаңа мүмкіндіктер беріп отыр. Кез-келген автоматтандырылған жүйе өзара байланысқан көптеген модульдерден тұратын күрделі ақпараттық программалық комплекстерді сипаттайды. Мұндай жағдайда, желілік технологиялардың және мәліметтер базасының алатын орыны ерекше.

Автоматтандыру тиімділігі жер ресурстарын игерудің оңтайлы жолдарын табу арқылы мәліметтерді өңдеу жылдамдығын арттыру және кездейсоқ қатенің пайда болу ықтималдылығын азайту арқылы жоғарылатылады. Сонымен қатар, автоматтандыру барысында жұмыс сапасы, өнімділігі артады, қызмет көрсету шығындары азаяды.

Міне осындай мүмкіндіктер бола тұра, Қазақстанда жер реформасының үдемелі дамуын қамтамасыз ету саласындағы ғылыми тәжірибелік зерттеулердің жандануына қарамастан, жер ресурстарын тиімді пайдаланудың тұжырымдамасы әлі жасалмаған, басқарудың нақтылы әдістері мен тәсілдері, механизмдері нақтылы тәжірибе сұраныстарын қанағаттандырмайды және жеткілікті дәрежеде зерттелмеген[4].

Сондықтан, ғылыми негізде жер ресурстарын басқару жүйесін құру әдістемесін жасау, автоматтандырылған ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып, жер ресурстарын басқару механизмдерін жетілдіруге бағытталған зерттеулер осы кездегі өзекті мәселе болып табылады.

## Әдебиеттер тізімі

1. Закон Республики Казахстан «О земельной реформе» приняты 28 июля 1991 года
2. Землеустройство и земельные отношения// Сб. нормативных актов. – Алматы: Қаржы-қаражат, 1996.
3. Земельные ресурсы Республики Казахстан. Агенство РК по управлению земельными ресурсами. – Астана, 2006.
4. Атешова Э.Т. Жер-ақпараттық жүйелер жер қатынастарын басқару механизмі ретінде// Ізденістер, нәтижелер. – Алматы, 2012. - №1 – С.57-60
5. Землеустроительное проектирование: Учебник / Под ред. М.А. Гендельмана, Алматы: ТОО «ЭВЛЮ», 1999г.
6. 5. М. А. Гендельман, Ж. Қ. Қрықбаев "Жерге орналастырудың және кадастрдың ғылыми негіздері"- Алматы : Фолиант, 2004ж.
7. Landscape research \ Bimonthly issn: 0142-6397 \ Routledge journals, Taylor & Francis ltd, England, Oxfordshire, ox14 4rn.

*Ғылыми жетекші э.ғ.к., доцент Т. Е. Карбозов*